

Хаттама №1

«Петровка» жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сыныптар пән әдіс бірлестігінің отырысынан

Петровкақ ауылы. 28.08.2024 жыл.

Қатысқандар –

Күн тәртібінде:

1. Бастауыш сыныптарда білім берудің 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы қойылатын талаптарымен таныстыру.
2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің апталық сағат жүктемесін бөлу .
3. Бастауыш сынып мұғалімдеріне күнтізбелік – тақырыптық жоспарларын жасауға әдістемелік көмек ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахатова Б.К. хабарлама жасады.

Өз сөзінде 2024-2025 оқу жылындағы басты ерекшелік ол мұғалімдердің апталық сағат жүктемесінің 16 сағат болғандығын, сондай – ақ апталық сағат жүктемесі 1-сыныптарда

22,5сағат, 2-сыныптарда 25 сағат , 3,4-сыныптарда 27 сағат болғандығын атап өтті.

Баяндамашы хабарлама барысында әдістемелік нұсқау хатта бастауыш сыныптарға қойылатын талаптарға тоқталды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахатова Б.К сөз алып, мұғалімдерге апталық сағат

жүктемелерімен таныстырды . Сағат жүктемелерін бөлу барысында мұғалімдермен бірге келісе отырып жүзеге асырылды. Орыс тілі, ағылшын тілі, және ақпараттық технология пәндерін пән мұғалімдері өтсе тиімді болатындығы айтылды. Сағат бөлу барысында айтылған ұсыныс есепке алынып, жекелеген сынып мұғалімдерінің келісімімен жүзеге асырылды. Барлық бастауыш сынып мұғалімдерінің сағат жүктемесі 16 жәнн жоғары сағат болып бөлінді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша пән әдіс бірлестігі жетекшісі Унгарова Х.Т сөз алып, күнтізбелік – тақырыптық жоспарларын жасауда көп жылғы еңбек өтілі бар мұғалімдерден жас мамандарға әдістемелік көмек ұйымдастыру керектігіне тоқталды. Интернет материалдары ,әлеуметтік желілерде келіп жатқан жатқан жоспарларды мұқият зерттеп , сол арқылы күнтізбелік- тақырыптық жоспар жасау керектігін және оларды қайта талқылау қажеттілігіне тоқталды.

Қаулы етеді:

1. Бастауыш сыныпта оқыту жайлы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алу әрбір бірлестік мүшелеріне міндеттелсін.

2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің апталық сағат жүктемесі мұғалімдердің келісімі бойынша бөлінген жүктемемен бекіту педагогикалық кеңесте сұралсын

3. Күнтізбелік – тақырыптық жоспарларын жасау , оларды 31-тамызға дейін бекітуге ұсыну, бірлестік мүшелеріне жүктелсін.

Бастауыш әдіс бірлестігі жетекшісі :

Унгарова Х.Т.

хатшысы:

Нурмухаметова

Г.Ж

Әдістемелік бірлестіктің №2 хаттамасы

01.11.2025ж

Күн тәртібінде:

1.1-ші тоқсандағы оқу үдерісінің мониторинг қорытындысы.

2.Төмен ынтасы бар үлгерімі төмен білім алушыларды сүйемелдеу.

3.Пәндік олимпиада мен конкурстардың мектеп ішілік түрлерін өткізу туралы ееп

Тыңдалды:

Директордың ОІЖ орынбасары Ахатова Б.К 1-ТОҚСАНдағы оқу үдерісінің мониторинг қорытындысымен танытырды.

Шешім:

-Оқу сапасын жақсарту мақсатында оқушылармен жұмыс түрін,әдіс-тәсілдерін өзгерту.

-Аудандық кезеңге шыққан оқушыларды пән олимпиадасына сапалы дайындау.

Бірлестік жет. Унгарова Х.Т

Әдістемелік бірлестік №3 хаттамасы

27.12.2024ж

Күн тәртібінде:

1.1-жарты жылдық нәтижесін талдау

2.ББЖ бойынша 1-ші жарты жылдықтағы іске асыру бойынша мектеп жұмысының қорытындысы.

3.Бастауыш сыныптардан оқу жылдамдықтарын қадағалау.

Шешім:

-Оқу сапасын жақсарту

-Төмен сапа көрсеткен пәндерді мектепшілік бақылауға қою

ББЖ бойынша 1-жарты жылдықтағы жұмысын қанағатты деп есептеу.

ӘБ жұмыстарын қанағатты деп санау.

Бірлестік жет.Унгарова Х.Т

